



«Бекітемін»

**«Психологиялық қолдау
орталығы» КММ басшысы**

Г. Капанова

2025 жылғы «28» қараша

«Бейнетаныстырылым» қалалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Бейнетаныстырылым» байқауы туралы ереже. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ (бұдан әрі-ПҚО) ұйымдастырады.

1.2. Байқауға қатысуға Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының, мектептері мен ТЖКБ ұйымдарының, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ-мен меморандум жасасқан жекеменшік мектептердің педагог-психологтары шақырылады.

1.3. Өткізу тілдері: қазақ және орыс.

1.4. Аталған конкурс Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 13 ақпандағы №275 Бұйрығының тізбесінде (аттестаттау кезінде ескеріледі) тіркелді.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1 «Бейнетаныстырылым» байқауының мақсаты балалар мен ата-аналар қауымының психологиялық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына сенім білдіруге тәрбиелеу.

2.2. Байқаудың міндеттері:

1. Оқу-тәрбиелеу процесінде әр бала үшін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығын насихаттау.
2. Ата-аналар мен балалардың өз білім беру ұйымының педагог-психологына көмек алу үшін өздігінен уақтылы жүгінуін ынталандыру.
3. Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық білім беру саласындағы білімін арттыруға ынталандыру.
4. Ата-аналар мен балалардың психологиялық көмекке жүгіне білу мәдениеті мен сенімін қалыптастыру.
5. Педагог-психологтың алдын алу жұмысында шығармашылық тәсілін және кәсіби құзыреттілігін дамыту.
6. Оң тәжірибе алмасу және білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтың заманауи имиджін қалыптастыруға жәрдемдесу.

3. «Бейнетаныстырылым» байқауының шарты

- 3.1. Байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін ұзақтығы 50 секундтан аспайтын бейнежұмыс түсіру.
- 3.2. Инстаграмда [@astanacpp](#) аккаунтына тіркелу.
- 3.3. Мәтіннің сипаттамасында [@astanacpp](#) аккаунтын атап өту.
- 3.4. **#видеовизитка** қалдыру.
- 3.5. Бір қатысушы **тек бір** байқау жұмысын жібере алады.
- 3.6. **Бір білім беру ұйымында** жұмыс істейтін бірнеше педагог-психологтарға бірлесіп бір бейнетаныстырылым жасауға рұқсат етіледі.
- 3.7. Қорытындылар белгіленген мерзімде жарияланады, үздік бейнетаныстырмалар ПҚО сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.
- 3.8 Байқауға тіркелу, қатысушының деректері және бейнежұмысқа сілтеме көрсетілген сілтеме арқылы орналастырылады:
<https://forms.gle/mGGwUjuG5PTFprHj9>

Жеке деректердің дұрыстығына жауапкершілік байқау қатысушысына жүктеледі. Тегі мен аты жеке куәлікте көрсетілгендей дәл түрде жазылуы тиіс.

4. Байқау кезеңдері

- 4.1. Байқау 2 кезеңнен тұрады:
- 4.2. Өткізу мерзімі: 2025 жылғы 02-19 желтоқсан.
- I-кезең** – Өтінімдер мен байқау жұмыстары (бейнетаныстырылымдар) 2025 жылғы 15 желтоқсан сағат 16:00-ге дейін қабылданады.
- Қатысушылар байқау талаптарына сәйкес бейнетаныстырылым дайындайды және ұсынады.

Өтінімдер мен байқау жұмыстарын (бейнетаныстырылым) сілтеме бойынша тіркеу жүргізіледі: <https://forms.gle/mGGwUjuG5PTFprHj9>

- II-кезең** – 2025 жылғы 17-19 желтоқсанда бағалау және қорытындылау.
- Қазылар алқасы жұмыстарды белгіленген критерийлер бойынша бағалайды.
 - Жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.
 - 2025 жылғы 25 желтоқсанда салтанатты іс-шарада байқау нәтижелері жарияланып, марапаттау рәсімі өтеді. Өткізу уақыты мен орны туралы қосымша хабарланады.

5.Бағалау критерийлері

№	Критерий	Түсініктеме	баллдар
1	Байқаудың тақырыбы мен талаптарына сәйкестігі	Бейнетаныстырылым байқаудың мақсаттарын қаншалықты көрсетеді және барлық міндеттері орындалды.	1–10
2	Шығармашылық және өзіндік ерекшелік	Идеяның бірегейлігі, материалды ұсынудағы креативтілігі, қатысушының даралығы. Актерлік шеберлігі, шешендік өнері, мәдениеті және материалдың қисындылығы.	1–10

3	Кәсіби мазмұны	Байқаудың негізгі идеясын ашу.	1–10
4	Бейнематериалды безендіру сапасы	Техникалық деңгейі (дыбыс, монтаж, визуалды қатар, эстетикалық көрінісі, ұзақтығы, мазмұны).	1–10
5	Авторлық және бірегейлік.	Бейне жұмысты қатысушының өзі, басқа адамдардың материалдарын (яғни, монтаж, басқа адамдардың бейнематериалдары, заставкаларын) пайдаланбай орындауы тиіс.	1-10
6	Хронометраж.	Бейнероликтің ұзақтығы - 50 секундтан аспауы тиіс	1-10

6. Байқаудың қазылар алқасы

- 6.1. Байқаудың қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.
- 6.2. Қазылар алқасы байқау ережелеріне сәйкес жұмыс істейді.
- 6.3. Қазылар алқасының мүшелері жұмысты қоса берілген критерийлерге сәйкес бағалайды.
- 6.3. Қазылар алқасы мүшелерінің барлық кезеңдер бойынша бағалауы жинақталады және байқаудың қазылар алқасының хаттамасын қалыптастырады. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалары жарияланбайды және жарнамаланбайды. Байқаудың қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтау кезінде барынша объективтілікке кепілдік береді. Байқаудың қазылар алқасы жекелеген номинацияларды ашу құқығын өзіне қалдырады

7. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

- 7.1. Байқаудың ұйымдастыру комитеті байқауға ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді, қатысушыларды тіркеу нөмірлерін бере отырып тіркейді.
- 7.2. Байқаудың ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын бекітеді және оның жұмысын қамтамасыз етеді.
- 7.3. Байқаудың ұйымдастыру комитеті байқау туралы ереженің орындалуын бақылайды, байқау нәтижелерін жариялау жөніндегі іс-шараны ұйымдастырады.

8. Байқау қорытындысын шығару

- 8.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.
- 8.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Гран-при және I, II, III дәрежелі дипломдармен, сондай-ақ номинациялар бойынша сертификаттармен марапатталады.
- 8.3. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздардың жұмыстары Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ сайтында жарияланады.

Байқауға байланысты мәселелер бойынша ПҚО әдіскеріне мына телефон арқылы хабарласуға болады С.С. Кошкарбаева тел.: 87021507148

